

ӘОЖ 811.111.373.45

АҒЫЛШЫН ТІЛІНДЕГІ ДИМУНИТИВТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ АУДАРУ

Халбаева Н.Н.

nurzada_kh@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, филология факультеті, Аударма ісі-41 тобының студенті, Нұр-Сұлтан қаласы
Ғылыми жетекші- ф.ғ.д., профессор С.Ж. Тажибаева

Кішірейткіштер бағалау үшін қолданылатын әрі концептуалды атрибутивтік категориялар тізімінің сапа бағытындағы өзіндік орнымен айрықшаланатын түрі. Тіл білімінде аталған категория түрі ретінде семантикалық компоненттер меңзеледі. Олар табиғи тілде әртүрлі құралдар арқылы жүзеге асатын, үлкен диапазонды қамтитын, сөз таптарына жататын жалпылама түрдегі компоненттер. Бізге айқын дерек көздеріне сенсек, концептуалды категориялар әлемдегі барлық, болмаса көптеген тілдерде еркін қолданысқа еңген әмбебап категориялар бейнесінде жүреді.

Кішірейту дегеніміз белгілі бір семантикалық құрылым түрінде кездескенімен көп жағдайда анық нақтыланбаған шекаралары бар семантикалық элементтер мағыналарының біріктірілген тобы. Оған сүйенсек, әртүрлі тілдерге негізделген өзіндік мағыналы құралдары болатындығы белгілі [Плунгян, 2003, 233б.]. Кішірейтудің басқа интерпретациялары шама категориясының бейнесіндегі бірегей болмысы ретінде де кездеседі [Шадеко, 1998, 3 б.].

Одан бөлек салыстырмалылық, сапа категориялары да аталып өтілуі тиіс [LES, 1990, s. 385]. Димунитивтерді келесідей жікке бөліп түсіндіреді. 1) жекелей димунитивтер – яғни, өзінің бастапқы мағынасын сақтау арқылы, белгілі бір дүниенің кішкентайлығын сипаттайды, ол өз кезегінде заттың көлемін, алыптығы немесе ұсақтығын көрсетеді; 2) еркелету бейнесінде (бірақ немқұрайлылық реңі бар) – метафоралық мағына; 3) «этикет» бейнесі (өтінім –

«кішірейткіш»). Кішірейткіш жұрнақтардың негізгі мағыналық ретінің қатарына айтырлықтай көп туынды сөздер кіреді – белгісіздік, септік және т.б. Т.В.Цивянный пікірінше, кішірейткіш сөйлеу, әсіресе қарым-қатынас жасау тілінің ерекше «коммуникативтік қызметі» бар деңгейіне тиесілі болады.

Ағылшын тіліне немесе тіларалық аудармаларды жасап, кішірейткіштерге аналог табу үшін сөз тіркестері қолданылады. Олар түрлі реңктерді бейнелеуге қауқарлы, және олардың ішінен ең бірінші болып аталу керегі ол – little - кішкентай:

dear little puppy – кішкентай жап-жақсы күшік;

quiet little street – кішкентай тып-тыныш көше [Carrol, 2000, 47 б.].

Бұл секілді сөз тіркестерін қарастыру бұл саланы зерттеушілер құзіреттілігіне кірмейді, дегенмен кішірейткіштер жайлы сөз қозғалғанда олар жайлы еріксіз осы жұмыста сөз қозғау қажеттілігі туындайды.

Сөздіктерде жұрнақтар арқылы жасалған сөздердің саны аз болып енгізілген, тек екі жүзге жуық. К. Виенс (ақпарат берушінің) айтуы бойынша бұл қажеттілік ретінде, керек кезде ғана жасалуы мүмкін. Мысалы, *juicie* - шырын, *sourie* - көже; олар кездейсоқ болып танылады, дегенмен олардың өте түсінікті екендіктеріне қарамастан, олар норма болып саналмайды.

Әйгілі «Mother Goose's Nursery Rhymes» жинағы [Jerrold, 1993] ағылшын тіліндегі кішірейткіштерге талдау мен зерттеу жұмысын жасауға қолайлы жағдай туғызады, яғни олардың ақпараттарынан айтарлықтай қызық деректер көре аламыз. Ұнтаспалардың алғашқы жариялануы 1760 жылдан басталады, Дж.Ньюберидің редакциясымен шағын жинақша шыққан уақыт еді. Кейіннен тоқтаусыз толықтырылып жатқан жинақ бірнеше рет қайтара басып шығарылды. Сәйкесінше, аталған деректер тек қазірдің емес, кем дегенде соңғы үш жүз және одан да көп жылдардағы кішірейтілген формалар түзілулерін бейнелейді.

Кішірейткіш есім тудыратын жұрнақтардың арасында ең басыңқысы мен жиі кездесетіні ретінде –у/ –іе танылып отыр. Аталмыш жұрнақ арқылы туындаған лақап аттар мен жалған есімдер реті ұзын тізімді құрайды: Handy-Pandy, Jack-a-Dandy.

Мен ағылшын балаларға арналған «Dance to your daddie» әнін аталмыш жинақтың бөлігі ретінде көрсетемін [Джерролд, 1993, 71 б.]. Аталмыш әннің ерекшелігі ол бұрын-соңды болмаған, сирек кездесетін оқиға ретінде кішірейткіш сөздерге толы:

Dance to your daddie, my bonnie ladie, Dance to your daddie, my bonnie lamb.

You shall get a fishie On a little dishie,

You shall get a fishie, when the boat comes hame.

Dance to your daddie, my bonnie ladie, Dance to your daddie, and to your mammie sing!

You shall get a coatie And a pair of breekies

You shall get a coatie, when the boat comes in!

–іе/ –у тудырушы жұрнақтары қоғамдағы түрлі танымал тұлғалардың (қоғам қайраткерлері, әншілер, актерлар, шоу-бизнес өкілдері және т.б.) лақап аттарының бейнесінде жиі кездеседі. Оның ішіндегі әйел есімдері: Wendy, Sally, Dulcie, Bonie, Kiki, Pattie, Judy Posey [Леонович, 2002, 52б.]; Джон Кеннедидің жұбайы – Жаклинді еске түсірер болсақ, оны қарапайым халық Jackie деп атаған.

Басты айтылу керек ақпарат ретінде –іе/–у жұрнағы лақап, бүркеншік есімдерді (адамдар ғана емес, жануарлар да) қалыптастыра қолдануда жоғары актуалдылыққа ие. Топтық не болмаса ұжымдық лақап аттар, көп жағдайда негативті теріс реңге ие, ағылшындарда үлкен танымалдылықпен қолданылады. Яғни –у жұрнағын: Сэнди (Шотландықтардың лақап аты), Таффи (Уэльс тұрғындарының лақап аты), Пэдди (олар Ирландияның тумасы деп атауы мүмкін); бастапқы кезеңде ағылшын теңізшілері үшін, одан кейінгі уақыттарда жалпы АҚШ-тағы ағылшындар үшін лақап ат Лаймей болды (лайм шырынынан жасалған лимон шырыны). Лақап аттар мен бүркеншік есімдер, сондай-ақ мектеп оқушылары арасында жиі кездеседі. Демек, артық салмағы бар баланы Fatty, Porky, Tubb деп атау кең таралса, арық адамдарға - Matchy, Skinny, Spindly, Lanky-Panky; ұзын бойлы балаларды – Lofty деп шамына тисе, ал қысқаны –Shorty; қызыл шашты Reddy, Foxu, Rusty деген лақап аттармен атауы мүмкін.

Белгілі бір лақап ат соған сәйкес текке қарай алынуы да мүмкін. Мысалы Смит тегі үшін Дарки және Смитти, Миллер тегі үшін Дасти, ал Уайт тегі үшін Блэки. Осы секілді мысалдар, яғни тегіне сәйкес ашуландырғыш, мазақ етерлік лақап аттар өте жақсы таралған, ал олардың бір бөлігі –іе/–у жұрнағы көмегімен жасалған: Birdy, Bushy, Chalky, Dutchy, Fishy, Lefty, Ruddy,

Nosey, Poppy. Аталмыш тектердің тура аудармасын жасау мүмкін емес, себебі олар ассоциациялардың, қиялдың, юмордың көмегімен ойнау мақсатында дүниеге келген.

-s - негізінен бұл сөздер көпше түрдегі кішірейткіштер. Туыстары мен жақындарына қатысты қолданылады (аттың қысқаша түрі). Олар сондай-ақ белгілі бір санаттағы адамдарды білдіретін мағынаны да ала алады.

Rosie-pop-s.

-pop жұрнағы негізінен ең жақын адамдармен қарым-қатынаста қолданылады

Daddy-peg-s.

-peg жұрнағы балалар сөздік қорынан жасалған жұрнақ, сондықтан сөздерге ирония, ойнақылық береді.

Katie-poo (Кейми)

-poo - нәзіктік пен сүйкімділікті беру үшін қолданылады.

Bob – Bobbles.

-le - бұл жұрнақ диалектілік жұрнақ, сондықтан мұндай кішірейткіштер өте сирек кездеседі.

Sharon – Shazz-a (Шазза), Teresa – Tezz-a (Тезза).

-a гипокористік атауларды жасау үшін қолданылады.

football – foot-er (футбик).

-er - қысқартылған сөздерге қосылып, жасөспірімдер мен ер адамдардың қолданыс аясына кіреді («дәрекілік»).

Beck-y (Rebecca), Bill-y(Wlliam), Bobb-y (Robert), Cath-ie (Catherine), Jerr- y (Jerald), Jud-y (Judith), Tedd-y (Theodor), Tomm-y (Tomas) және т.б.

-ie/-y - кішірейткіш пен кішірейткіш жасайтын ағылшын тіліндегі жалпы жұрнақтардың бірі. Сондай-ақ күлкілі түрдегі лақап аттар мен фамилияларды жасауда жиі қолданылады Tubby, Lefty, Ruddy, Nosey, Youngie, Smith - Smithie, Milter – Dustie.

Кейде бұл жұрнақ белгілі бір белгілері бар адамдардың үлкен топтарын құруда қолданылуы мүмкін.

Объектілер құнының немесе көлемінің төмендеуі мағынасын үстеуде қолданылатын жұрнақ:

shopp-y-дүкен.

1785 жылы «Ағылшын тілінің сөздігінің» авторы Сэмюэл Джонсон димунитивтер жайлы былай дейді: «Бізде зат есімнен жасалған кішірейткіштер бар, бірақ олар өте аз екендігін ескеруіміз қажет: a hill, a hillcock, a cock, a cockrel, a pike, a pickrel; дей тұрғанмен олар келесі сөздер сияқты да француз тілінен: a goof, a goofling; герман тілінен қалыптасқандары; a lamb, a lambkin; a chick, a chicken; a man, a manikin; a pipe, a ripkin; сонымен қатар патраномиктер: Halkin, Hawkins, Wilkin, Thomkin және т.б.» [Джонсон, 1785 ж.]. Сөздікте -kin жұрнағы көмегімен түзілген бірнеше сөздер бар мысалы: parkin, manikin, lambkin. Аталмыш сөздерде - kin жұрнағы қызметінің бары айқын сезіледі, себебі сөздердің бастапқы формалар: par, man, lamb сөздері еді.

Сонымен, қорыта келе XVIII ғасырдың соңында түрлі шығу тегімен ерекшеленетін кішірейткіштер болды. Олар латын және француз тілінен алынған -let, -ette, -et жұрнақтары бейнесінде бола, уақыт өте келе өз басымдықтарын бірте-бірте жоғалтты.

catling	марғау
seedling	кішкене көшет
princeling	бала ханзада

Кесте 1

Аталмыш –ing жұрнағының (Кесте 1) сирек кездесетін тағы бір себебі, бұл жұрнақ қазіргі заманда сөздерге белгілі бір әзіл-оспақ, күлкі мағынасындағы ой тастайды, сондықтан ол көбінесе басқа жұрнақтармен ауыстырылады.

piglet	торай
chicklet	балапан
froglet	кішкентай бақа
kinglet	патшасымақ
starlet	жас жұлдыз
wifelet	жарым, әйелім

Кесте 2

-let жұрнағы (Кесте 2) кішірейткіш мағынаны беру, категориядағы көлемді көрсету үшін қолданылады. Атап айтқанда, бұл жануарларға қатысты. Адамдарға келетін болсақ, бұл жұрнақ бұл жағынан қорлауды, төмендетуді білдіреді.

Аталмыш кішірейткіштерді аударуда қазақ тіліндегі сәйкес аналогтарды табу жолын немесе сөз тіркесі («кішкентай» сөзі арқылы) көмегімен аудару жолдары ұсынылады. Қазақ тіліне тән димунитивтерге келер болсақ, олар келесідей жұрнақтар көмегімен жасалады: (Кесте 3)

	-тай	Аталмыш қосымшасы туыс атауларына жалғану арқылы жасалып, оларға кішірейту, еркелету, ізет көрсету секілді мағына үстейді. Мыс: ағатай, әкетай, жеңгетай.
	-жан	Бұл жұрнақ көп жағдайда адам есімдеріне сәйкес жалғана, жалпы адамзатқа қатысты көптеген сөздерге жалғанып, оларға әрі еркелету әрі кішірейтіп реңкін жамайды. Мыс: Еркежан, Аружан, т.б.
	-қан; -қан	Жұрнақтар өнімсіз болғанына қарамастан, еркелету кішірейту реңкін білдіру үшін бір сыпыра сөздерде қолданылады. Мыс: ботақан, қошақан, т.б.
	-қай; -кей	Өнімсіз формалар. Балақай, саусақай, шешкей секілді бірлі жарым сөздерде ғана жалғанады. Иттің ұлы итақай дегендегі - қай формасы, одан бөлек Мұсақай, Сәрсеқай деген кісі аттарындағы –қай; -кей элементтерінде кішірейту, еркелету формасы жалғанған.
	-шақ; -шек	Амонимдік қосымша болып саналады. Кішірейту және еркелету мақсатында пайдаланылуы үшін бұл көп жағдайда есімсөздерге жалғанады. Мыс: інішек.

-шық; -шік	Бұл жұрнақ шақ, шек жұрнағының қысаң түрі ретінде есептеледі. Бұл форма етістікті жалғанып туынды зат есім тудырады (бүршік, бүкешік). Өз кезегінде аталмыш жұрнақтар есімдерге де жалғанады. (төбешік, түйіршік) және етістіктің грамматикалық формасы ретінде (ұшық, түршік) қолданылады. Зат есім жалғанғанда кішірейту және еркелету мағынасы үстем.
-ша; -ше	Зат есім жалғанып туынды үстеу, (балаша, балықша) жасайды да, сондай –ақ зат есімге жалғана кішірейту мағынасы үстейді. Мыс: көрпеше, жүрекше, күрекше, кітапша т.б.
-ш	Кісі аттарына және көптеген жалпы есімдерге жалғанып оларға кішірейту, еркелету, аялау секілді реңдегі мағына жамайды. Бірақ кісі аттарына, одан бөлек кей жалпы есімдерге тіркескенде олардың толық түрлеріне тікелей тіркесіп не болмаса, соңғы дыбысы, я соң бір немесе бірнеше дыбыстарын түсіріп барып жалғанады. Мыс: Фатимаш, Мұқаш т.б.

Кесте 3

Қазақ тіліндегі кішірейткіштердің ағылшын тіліндегі кішірейткіштермен салыстырғандағы бір ерекшелігі олар жансыз заттарға ешқандай еркелету реңін үстемей, тек кішірейткіш мағына береді. Аудару барысында осындай тілдік айырмашылықтарды ескеріп, түп нұсқаға барынша жақындата аударамыз. Кішірейтуді білдіретін көптеген құралдар бар. Олардың ерекшелігі олар сөз тіркестері ретінде келетін димунитивтер секілді әмбебап емес, дегенмен қолданылу өрісі үлкен, тілдерге жақсы тараған. Аталған құралдар ішіндегі қызығушылықты қатты тудыратыны және назарға көп түсетіні сөзжасамдық құралдар. Олардың құрамына, жоғарыда көрсетілгендер бойынша, сөзжасам (микроталшық, миникупер); қосымша формациялар, жалқы есімдер ерекше көзге түседі.

Сонымен, қорыта келе димунитивтер дәрежесінің сан қырлылығы мен шексіз дәрежесі адамзат екіұштылыққа қаншалықты еркіндік беретіндігімен өлшенеді. Аталмыш жұрнақтар түрі қолданысқа түскен сөздер баға беру барысында тек бір нәрсенің ұсақтығын ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің келесі адамға деген бар пейілі мен ниетін айқын көрсетеді. Дәл осы себеппен, кішірейткіштерді коммуникативті аспект деп танып, прагматикалық компонентке ие екенін түсіне аударма жасаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Либерт Е.А. Диминутив в западногерманских языках. Новосибирск. Изд-во НГУ, 2017, [1,124].
2. Тараканова И.М. Диминутивы в хакасском языке. Абакан. Изд-во ООО «Сервисный пункт», 2011 [2,116].
3. Plag I. Word-Formation in English. Cambridge. Cambridge University Press, 2003.
4. Арнольд, И. В. Лексикология современного английского языка: пособие для студентов англ. отд-ний пед. ин-тов / И. В. Арнольд. – М.; Л.: Просвещение, 1966 [3,346].